

А.П. Алиакбарова¹ , А.К. Оспанова^{2*} , Ж.С. Смаханова³ 

^{1, 2, 3} С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: ainurap@mail.ru; ospanova_akmaral@mail.ru; z.deil@mail.ru)

Түркия қазақтарының ұлттық бірегейлігін сақтау үдерісі: Халифа Алтайдың рөлі мен мұрасы

XX ғасырдың ортасында Шығыс Түркістаннан басталған көші-қон Түркиядағы қазақ диаспорасының қалыптасуына негіз болды. Бұл қауымдастық өздерінің ұлттық бірегейлігін сақтап қалу жолында көптеген қиындықтарға кезікті. Осы негізде жазылған бұл ғылыми мақалада Халифа Алтайдың Түркиядағы қазақ диаспорасының ұлттық бірегейлігін сақтаудағы рөлі жан-жақты қарастырылған. Халифа Алтайдың діни-ағартушылық қызметі Түркиядағы ғана емес, жалпы қазақ әлеміндегі рухани жаңғыру мен ұлт бірлігінің маңызды тіректерінің бірі болды, артына қалдырған мұрасы мен жазып қалдырған еңбектері қазақтардың мәдениетін, тілін және дәстүрін, әдет-ғұрыпын сақтауға бағытталған. Мақаланың мақсаты Халифа Алтайдың Түркия қазақтарының ұлттық тұтастығын сақтаудағы рөлін жан-жақты талдау. Зерттеуде ғалымның саяси-көшбасшылық қызметі мен еңбектерінің маңызы зерделеніп, бұл еңбектердің Түркия қазақтарының ұлттық санасын сақтау мен дамытуға қосқан үлесі талданып, бүгінгі ұрпақ үшін маңыздылығы айқындалған. XX ғасырдың ортасында Қытайдан Түркияға қоныс аударған қазақтар жаңа ортаға бейімделу барысында ұлттық мәдениеті мен дәстүрлерін сақтап қалу мәселесіне тап болды. Осы тұста Халифа Алтайдың діни-ағартушылық қызметі, қазақ тіліндегі еңбектері және ұлттық сана-сезімді нығайтуға бағытталған іс-әрекеттері Түркия қазақтарының этникалық тұтастығын сақтауда шешуші рөл атқарды. Мақалада оның шығармашылық мұрасы және саяси қызметінің диаспора өміріндегі маңызы талданып, қазақ мәдениеті мен дәстүрін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудегі ықпалы ғылыми тұрғыдан сараланған.

Кілт сөздер: Халифа Алтай, Түркиядағы қазақ диаспорасы, ұлттық бірегейлік, діни-ағартушылық қызмет, қазақ диаспорасы, көші-қон, Шығыс Түркістан.

Кіріспе

Түркиядағы қазақ диаспорасы — XX ғасырдың екінші жартысында Қытайдағы саяси және әлеуметтік қысымдардың әсерінен Шығыс Түркістан (қазіргі Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы) аймағынан қоныс аударған қазақтардың ұрпақтары. Бұл көші-қон үрдісі Қытайдағы коммунистік биліктің орнауы, этникалық және діни қудалау, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нашарлауымен тығыз байланысты болды. Түркия қазақтарының көш тарихын үлкен екі кезеңге бөліп қарастырамыз. Бірінші кезең 1940-1950 жылдар аралығында Қытайдағы коммунистік режимнің орнауына байланысты Шығыс Түркістаннан Үндістан мен Пәкістан арқылы Түркияға қоныстанған алғашқы кезеңі болса, екінші кезең 1952-1960 жыл, Түркия үкіметі Қытай аймағынан қоныс аударған қазақтардың екінші көш толқынын оң қабылдап, тарихи және мәдени жақындығын ескеріп, азаматтық беріп, әлеуметтік жағдайларын жақсартуға барынша жағдай жасаған болатын. Түркиядағы қазақ диаспорасы бүгінгі таңда Стамбул, Нигде, Кайсери және Маниса, Салихлы аймақтарында шоғырланып, ұлттық бірегейлігін сақтай отырып, жергілікті қоғаммен экономикалық, мәдени және саяси ықпалдастықта өмір сүруде. Осы негізде жазылған зерттеудің мақсаты — Түркия қазақтарының ұлттық бірегейлікті сақтау үдерісін тарихи және әлеуметтік-мәдени тұрғыдан талдау және осы үдерісте Халифа Алтайдың рөлі мен мұрасын кешенді түрде зерттеу.

Түркиядағы қазақ диаспорасының көші-қон тарихын зерттеу тек тарихи деректерді жинақтау ғана емес, сонымен қатар этникалық диаспоралардың қалыптасу заңдылықтарын, мәдени бейімделу стратегияларын және ұжымдық тарихи жадыны сақтау тетіктерін түсіндіруге бағытталған кешенді ғылыми ізденіс десек болады. Диаспора және көші-қон тарихы саласында жүргізілген теориялық зерттеулер көрсеткендей, этникалық қауымдардың көші-қон тәжірибесін зерттеу ұлтаралық қатынас мәдениетін түсінудің негізгі кілті саналады.

Түркиядағы қазақтардың көші-қон тарихын зерделеу — қазіргі ғылымда пәнаралық тұрғыдан (тарихи демография, этнология, мәдени антропология, миграциялық саясат) жоғары өзектілікке ие

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: ospanova_akmaral@mail.ru

мәселе. Бұл тақырыпты жан-жақты қарастыру мәжбүрлі көші-қонның себеп-салдарын, қабылдаушы елдің саясатын және этникалық бейімделу үдерістерін түсінуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, Түркиядағы қазақтардың қоныс аудару тарихы мәжбүрлі көші-қон феноменін талдаудың маңызды эмпирикалық мысалы бола алады. XX ғасырдың 40–60 жылдарында Шығыс Түркістаннан басталған қазақ көштері саяси қуғын-сүргін, этникалық және діни қудалау, экономикалық күйзелістердің нәтижесінде орын алғаны белгілі. Бұл үрдіс босқындық құбылысының халықаралық деңгейде қалай реттелгенін, транзиттік көші-қон маршруттарының (Үндістан, Пәкістан) ерекшеліктерін және Түркияның қабылдау саясатының эволюциясын зерттеуге мүмкіндік береді. Екіншіден, ұлттық бірегейлік пен ұжымдық тарихи жадыны зерттеу үшін ерекше құнды. Түркия қазақтары бірнеше ұрпақ бойы этникалық дәстүрлерін, тілін, дінін және мәдени кодтарын сақтап қалуға ұмтылып, бір мезгілде жаңа әлеуметтік ортаға икемделе білді. Бұл құбылыс диаспорадағы «гибридті бірегейліктің» (hybrid identity) қалыптасуын, тарихи жадының трансформациясын және мәдени мұраның қайта жаңғыруын (cultural revitalization) ғылыми тұрғыдан зерделеуге мүмкіндік береді. Үшіншіден, зерттеуде қазіргі заманғы миграциялық саясат пен халықаралық қатынастарға қатысты маңызды практикалық қорытындылар ұсынады. Түркияның қазақ босқындарын қабылдау тәжірибесі этникалық репатриация, гуманитарлық көші-қон және интеграция саясатының табысты үлгілерінің бірі ретінде қарастырылады. Бұл тәжірибе Қазақстан үшін де құнды, өйткені қазіргі таңда қандастарды елге оралу процесін (қандас бағдарламаларын) жетілдіру — мемлекеттік саясаттың өзекті бағыты.

Қазақ диаспорасының ұйымдары мен әлеуметтік-экономикалық бейімделу жолдары, діни институттардың қызметі, урбанизация және аралас некелер сияқты құбылыстар қоғамдағы әлеуметтік динамиканы зерттеу үшін эмпирикалық база. Жоғарыдағы аталған деректерді ескере отырып, Түркиядағы қазақ диаспорасының көші-қон тарихын зерттеу — диаспоралық қауымдастықтардың қалыптасу механизмдерін, ұлттық бірегейлікті сақтау стратегияларын, мәдени трансформация мен саяси интеграцияның ерекшеліктерін түсінуге үлес қосатын пәнаралық және теориялық тұрғыдан маңызы зор ғылыми міндет болып отыр.

Диаспораның қалыптасу жолдары мен бейімделу стратегияларын талдау жеке тұлғалардың көшбасшылық қызметімен тікелей байланысты. Жоғарыда айтылған деректерді негізге ала отырып, Түркия қазақтарының тарихында Халифа Алтайдың рөлі айрықша назар аударуға лайық. Ол діни-ағартушылық қызметімен, қазақ тіліндегі Құран аудармасымен, тарихи-этнографиялық еңбектерімен және қоғамдық көшбасшы ретіндегі қызметімен қазақ диаспорасының ұлттық бірегейлігін сақтауға айрықша үлес қосты.

Халифа Алтайдың өмір жолын зерттеу — тек жеке тұлға биографиясын қарастыру ғана емес, сонымен қатар Түркиядағы қазақ қауымының діни-рухани өмірінің эволюциясын, олардың этникалық болмысын сақтап қалу жолындағы күресін түсінудің маңызды бір бөлігін құрайды. Зерттеу тек көші-қон тарихын баяндап қана қоймай, диаспора көшбасшыларының рөлін, рухани мұрасының қоғамдағы ықпалын, жастардың ұлттық сана-сезімін қалыптастырудағы маңызын ғылыми тұрғыда талдауға бағытталып, қазіргі заманғы диаспоралық қауымдастықтардың тәжірибесін салыстыруға мүмкіндік береді.

Материалдар және әдістер

Ғылыми зерттеу жұмысы Халифа Алтайдың Түркия қазақтарының ұлттық бірегейлігін сақтаудағы рөлін жан-жақты талдауды мақсат етеді. Осы мақсатқа жету үшін зерттеу барысында бірнеше тарихи және әлеуметтік ғылымдарға негізделген әдістер қолданылды. Тарихи-құжаттық әдіс негізінде зерттеудің негізгі дереккөздері ретінде Халифа Алтайдың еңбектері, жазбалары, оның өмірі мен қызметіне қатысты материалдар, баспасөз жарияланымдары мен басқа да құжаттық деректер пайдаланылды. Бұл әдіс ғалымның еңбектеріндегі қазақ диаспорасына қатысты тың мәліметтерді талдап, оның көзқарастары мен ұстанымдарын анықтауға мүмкіндік берді. Екінші әдіс тарихи-салыстырмалы әдіс. Аталған әдіс Түркия қазақтарының ұлттық бірегейлігін сақтау үдерісін басқа қазақ диаспораларымен салыстыра қарастыруға мүмкіндік берді. Өмірбаяндық әдіс (тарихи зерттеулер) негізінде Халифа Алтайдың жеке өмірі мен қызметін зерттеу арқылы оның ұлттық сана мен мәдениетті дамытуға қосқан үлесі қарастырылды. Бұл әдіс ғалымның діни-ағартушылық қызметі мен көшбасшылық рөлін ашып көрсетуге көмектесті. Зерттеуде қолданылған келесі бір әдіс — этнографиялық әдіс. Бұл әдіс арқылы Түркия қазақтарының дәстүрлі мәдениеті, тілдік ортасы, діни-рухани құндылықтары зерттеліп, олардың сақталу деңгейі анықталды және Түркия қазақтарының

ұлттық ерекшеліктерін бейімделу жағдайында сақтап қалу негіздерін қарастыруға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, Халифа Алтайдың шығармашылық мұрасы мен қазақтардың рухани және мәдени өміріне ықпалы анықталды. Оның еңбектеріндегі негізгі тақырыптар мен идеялар зерделенді. Зерттеуде қолданылған осы әдістер Халифа Алтайдың мұрасы мен оның Түркия қазақтарының ұлттық бірегейлігін сақтау үдерісіндегі рөлін кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысының негізін құрайтын дереккөздер ретінде Түркия қазақтарының қалыптасу тарихы, олардың ұлттық бірегейлігін сақтау жолындағы күресі, Халифа Алтайдың рөлі мен мұрасына қатысты тарихи еңбектер пайдаланылды. Түркия қазақтарының қоғамдық өмірі, ұлттық мәдениетті сақтаудағы ұстанымдары туралы маңызды ақпараттар Ә. Қараның «50 жылында Түркия қазақтары және Қазақстан» еңбегінде жан-жақты талданғанын көруімізге болады [1]. Бұл дереккөзде Түркия қазақтарының қоныстану тарихы мен олардың Қазақстанмен рухани, мәдени байланыстары сипатталған.

Қазақ диаспорасының қалыптасуы мен тарихи тағдыры Г.М. Мендикулованың «Исторические судьбы казахской диаспоры: происхождение и развитие» атты еңбегінде кеңінен қарастырылған [2]. Бұл зерттеу қазақ диаспорасының шығу тегі мен даму ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда саралайды. Шетелдік шығыстану ғылымындағы Қазақстанның тарихы мен мәдениетінің зерттелуі М.Т. Лаумулиннің «Әлемдік ориенталистикадағы Қазақстан» атты еңбегінде көрініс тапқан [3]. Бұл зерттеуде қазақ диаспорасының этнографиясы мен мәдениеті туралы мәліметтер келтірілген. Түркия қазақтарының ұлттық бірегейлігін сақтау мәселесі К.Тасболатованың «Түркия қазақтары: қазақтығын сақтап қала ма?» атты мақаласында талданған [4]. Автор диаспораның ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалу жолындағы басты мәселелер мен қиындықтарға тоқталады.

Қазақстандық зерттеуші Ж.Б. Ошақбаеваның «Түркия мен Еуропа қазақтарының құндылықтар әлеміндегі өзгерістер» атты еңбегі шетел қазақтарының құндылықтық трансформациясын зерттеуге бағытталған [5]. Мұнда қазақ диаспорасының тарихи тұрғыдан қалыптасуы мен жаңа ортаға бейімделу барысындағы өзгерістері қарастырылады. Ә.Н. Нысанбаевтың «Ұлттық идея — шетел қазақтарының құндылықтық әлемінің негізі» атты еңбегі ұлттық идеяның қазақ диаспорасының құндылықтар жүйесіндегі орны мен маңызын айқындайды [6].

Қытайдан Түркияға қоныс аударған қазақтардың әлеуметтік және экономикалық бейімделу жолдары, олардың жаңа кәсіпкерлікті игеруі туралы деректер Н. Мұқаметханұлының «Қытай қазақтарының Түркия мен Еуропа елдеріне таралуы және жаңа кәсіпкерлікті игеруі» атты зерттеуінде баяндалады [7]. Зерттеу барысында Халифа Алтайдың өзінің еңбектері негізгі дереккөз ретінде қарастырылды. Оның «Алтайдан ауған ел» [8] және «Атажұрттан Анадолыға дейін» [12] атты еңбектері Түркия қазақтарының көші-қон тарихы, олардың жаңа ортаға бейімделуі, діни өмірі мен тұрмыс-салты туралы құнды мәлімет береді. Бұл еңбектер тек жеке естелік қана емес, ХХ ғасырдағы қазақ диаспорасының әлеуметтік-мәдени трансформациясын, Түркиядағы алғашқы қоныстану тәжірибесін, қазақ көшбасшыларының ұйымдастырушылық рөлін көрсететін маңызды деректік материал болып саналады.

Халифа Алтайдың өз еңбектері зерттеуде деректану тұрғысынан ерекше мәнге ие болды, себебі еңбекте: көші-қон маршруттары (Шығыс Түркістан — Үндістан — Пәкістан — Түркия), қазақтардың орналасқан аймақтары (Салихлы, Нигде, Кайсери), алғашқы әлеуметтік және діни институттардың (мешіт, мектеп) құрылу тарихы, көшпін ұйымдастырған тұлғалардың есімдері мен қызметі, қазақ қауымының тұрмыс-тіршілігі, дәстүрлері мен мерекелері жан-жақты сипатталады. Бұл деректерді талдау нәтижесінде зерттеуде диаспоралық қауымның этникалық сәйкестікті сақтау механизмдері, ұжымдық жадының қалай қалыптасқаны, діни-ағартушылық қызметтің жастар тәрбиесіндегі орны тереңірек түсіндірілді. Зерттеуге қатысты еңбектер Түркия қазақтарының ұлттық бірегейлігі мен Халифа Алтайдың осы үдерістегі рөлін талдауға мүмкіндік берді. Бұл материалдар қазақ диаспорасын зерттеу аясын кеңейтіп ғана қоймай, ғылыми тұжырымдар жасауға қажетті мәліметтер ұсынды.

Нәтижелері

Зерттеу барысында Халифа Алтайдың Түркия қазақтарының ұлттық бірегейлігін сақтау жолындағы айрықша орны мен еңбегі айқындалды. Х. Алтайдың тарихтағы бағасы жоғары, тұлғаның рөлі тек діни-ағартушы ғана емес, сонымен қатар саяси көшбасшы, этномәдени мұраның қорғаушысы және ұлт ұстазы ретінде айқындалды. Біріншіден, Халифа Алтай Түркия қазақтарының этникалық және рухани тұтастығын сақтауда стратегиялық рөл атқарды. Оның бастамасымен және

ұйымдастырушылығымен қоныс аударған қазақтардың құжаттандырылуы, Түркияға сәтті орналасуы жүзеге асырылды. Бұл әрекет диаспораның бір жерде шоғырланып, әлеуметтік және мәдени бейімделуді жүйелі жүргізуіне мүмкіндік берді. Қазақтардың Салихлы, Нигде, Кайсери, Маниса аймақтарына орналасуы — олардың шаруашылық жүргізу тәжірибесіне сай таңдалған шешім болды. Екіншіден, Халифа Алтай қазақ шежіресін жазып, ұрпақ арасындағы тарихи жадыны жандандыруға ықпал етті. Бұл еңбек ұрпақ сабақтастығын нығайтып, қандастардың өзара туыстық байланыстарын жүйеледі. Шежіре — диаспора үшін тек тарихи құжат емес, ұлттық идентификацияның тірек нүктесіне айналды. Үшіншіден, Халифа Алтай білім мен ағартушылықты ұлттық бірегейлікті нығайтудың негізгі құралы деп санады. Оның бастамасымен қазақ жастарына зайырлы және діни білім алу ұсынылды, шетелде (Пәкістан) оқыту бағдарламаларына қатысуға жағдай жасалды. Бұл ұстаным заманауи түрік қоғамына интеграциялануды жеңілдетіп, қазақтардың кәсіби, мәдени тұрғыдан өркендеуіне жол ашты. Төртіншіден, Халифа Алтайдың қоғамдық және саяси белсенділігі қазақтардың Түркия қоғамына мойындалған этникалық қауым ретінде енуіне ықпал етті. Оның басшылығымен «Қазақкент» ауданының бой көтеруі, қазақтарға арналған мешіт пен мәдени орталықтардың ашылуы — диаспораның тек этникалық топ ретінде емес, қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қалыптасуына жол ашты. Бесіншіден, зерттеу барысында Халифа Алтайдың діни-ағартушылық еңбектері (қазақ тіліндегі «Құран аудармасы», «Алтайдан ауған ел», «Атажұрттан Анадолыға дейін») қазақ қауымының рухани жаңғыруына ерекше ықпал еткені анықталды. Бұл еңбектер арқылы ол Кеңес кезеңінде діннен алыстаған қазақ халқының ислам құндылықтарына қайта бет бұруына ықпал етті, діни сауаттылықты арттырды.

Зерттеу нәтижелері Халифа Алтайдың қызметі тек Түркиядағы қазақтармен шектелмегенін көрсетеді. Ол Ауғанстан мен Иран қазақтарының Түркияға қоныстануына көмек көрсетіп, олардың құжаттандыру, азаматтық алу мәселелерін шешуге тікелей атсалысты. Бұл әрекеттер диаспораның географиялық тұрғыда жинақталуына және ортақ этникалық кеңістік құруына мүмкіндік берді.

Этнографиялық мәліметтерге сүйене отырып, қазіргі Түркия қазақтарының салт-дәстүрлерінің сақталу деңгейі жоғары екендігі анықталды. Халифа Алтайдың бастамалары арқасында қазақ тілі, колөнер үлгілері, ас беру, сүндет той сияқты жоралғылар ұрпақ тәрбиесінде маңызды орын алып отыр. «Мәдени кодты» сақтаумен қатар қазақ диаспорасы түрік қоғамымен өзара мәдени ықпалдастыққа түскені де зерттеуде айқындалды.

Халифа Алтайдың Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейінгі еңбектері де назардан тыс қалған жоқ. Ол екі ел арасындағы рухани, мәдени, діни байланыстарды жандандыруға белсенді атсалысты, делегациялар қабылдап, Қазақстанмен мәдени-гуманитарлық көпір орнатты. Зерттеу нәтижелері Халифа Алтайдың қызметі мен мұрасының Түркия қазақтарының ұлттық болмысын сақтаудағы рөлін жан-жақты дәлелдеуге негіз болды. Ол тек діни тұлға емес, диаспораны біріктіруші, қазақтың тарихи жады мен мәдени кодын ұрпаққа жеткізуші ірі қайраткер ретінде бағаланады.

Талқылау

Түркия қазақтарының ұлттық бірегейлігін сақтаудағы Х. Алтайдың рөлі өте жоғары болғаны тарихи шындық. Оның саяси қызметі мен көшбасшылық бағытын үлкен үш бағытта қарастыра аламыз. Бірінші кезең Х. Алтайдың қазақтардың Түркияға қоныс аударуында ұйымдастырушы топтың құрамында болуымен сипатталады. Елісхан мен Зайып бастаған көшті Пәкістаннан Түркияға көшуін «Шығыс Түркістандық қазақ көшпенділер» қоғамының белсенділері ұйымдастырған болатын. Қоғамдық ұйымның хатшысы болған Х. Алтай барлық қазақтардың көшу туралы іс-құжаттарын дайындап, тіркеп, Түркияға сәтті жетуін жүйелі түрде жүргізді. Бұл Х. Алтайдың құжат жүргізуде ұқыптылығын, ұйымдастырушылық қабілетінің жоғары екендігінің айғағы бола алады. Өзі көштің соңғы легімен келді. Көш 14 топқа бөлінді. Олар мынандай: 1953 жылдың 12.09. — 29 адам, 19.09. — 94 адам; 03.10. — 101 адам, 10.10. — 114 адам; 17.10. — 35 адам; 24.10. — 174 адам; 31.10. — 162 адам; 07.11. — 167 адам; 14.11. — 23 адам; 28.11. — 87 адам; 05.12. — 118 адам; 12.12. — 111 адам; 14.12. — 107 адам; 25.12. — 57 адам. Барлығы — 1379 адам [8; 114].

Түрік ғалымы И. Курбанның айтуы бойынша «1936 жылы 15-інші тамызда Бағдаш тауынан 5000 адамдық жолаушы жолдың соңы қайда апарарын білместен, иманы мен күшіне сеніп белгісіз сапарға аттанды. Ғасырлар бойы өмір сүріп келе жатқан туған жерлерінен мәңгіге қош айтысып кете барды. Олардың бір бөлігі жолда көрсетілген қиыншылықтардан көз жұмды, тірі қалғандары болса Тибет және Үндістан арқылы Түркияға келіп жетті» деп көрсетеді [9].

1954 жылдың қыркүйек айында Шығыс Түркістаннан келген көшті бастаушылардың бір болған Қалибек хакім Түркия жеріне қоныстанған күннен бастап Салихлы қаласы көптеген шетелдік журналистер мен ғалымдардың, дипломаттардың жиі келетін мекеніне айналады. Себебі Анадолы жеріне барып қоныстанған соң да Қалибек хакім бала-шағасын асыраудың қамынан тыс өзінің өмірлік мұраты Шығыс Түркістанда қалған ел-жұртының азаттығы мен бостандығы мәселесін күн тәртібінен бір күнде түсірген емес [10]. 1952–1954 аралығында Пәкістаннан 1400 адам, Кашмирден 350 адам Түркияға келді. Қазақтарды арнайы үш ауданда орналасқан бейімдеу орталықтарына орналастырып, тегін тамақ беріліп, мамандықтарды игеру үшін ұсталық, тігіншілік, тоқымашылық курстары ұйымдастырылды. Сонымен қатар түрік тілін оқыта бастады.

Х. Алтай тон тігуді қалай бастағаны туралы естілегінде: «...Салихлыға көштік. Кейін соңынан Қалибек, Хамзалар да көшіп барады. Бұл жерде 6 ай бойы тамақ тегін таратылады. 5 жыл салықтан босатылды. Салихлыға көшіп келгелі әртүрлі кәсіппен айналысып жүргенімде, келер жылдың күзінде бір адам жамап, бояп бер деп тері тон берді. Соны сөгіп, үлгісін шығарып, тері тон тігіп үйрендім. Сөйтіп, біреуден-біреу көріп тон тіге бастады. Күні бүгінге дейін Салихлы аймағы тері, киім тігуді кәсіп қылып отыр» деген деректер келтірген [8; 117].

Г. Лайастың еңбегінде: «1954 жылы қарашада, келгендеріне үш ай болғанда барғанымда, жұмыс істемейтіндерге түрік үкіметінің төлейтін ақшалай көмегі ағылшын ақшасымен күніне бір шилингтен аз болса да, қазақтар бір отар қой жинап алыпты. Олардың қонақжайлылық дәстүрі қонақты күту керек болса отарындағы соңғы қойын союға дайын болуы» деп қазақтардың қонақжайлылығын ерекше баяндайды [11; 279].

Түркияға қоныстанған қазақ отбасыларға Түркия үкіметі біраз қазақтарға арнайы үй салып, жер берді, оған жол салынып, электр тартылды, су құбыры жүргізілді, мешіт, мектептер салынды. Бұл жерді «Алтай ауылы» деп атап, екі жүзге жуық түтін көшіп барады. Екінші бір бөлігі Қайсари мен Кония дейтін екі аймаққа бөліп орналастырылады [12; 67]. Түрік үкіметі қазақтарды коммунизм вирусын жұқтырмағанына көз жеткізу үшін мұқият тексерді, оларға түрік тілін үйретті, қазақтар араб қаріптерін қолданса да, латынша жазылған түрік тілін бірнеше айда меңгерді. Ақырында, 1954 жылы түрік үкіметі қазақтарға тегін үйлер, сонымен қатар, он жыл бойы кетпей, өндесе салықтарын төлемейтін бос, жыртылған жерлер мен егістіктер ұсынып, әртүрлі елдімекендерге таратты [11; 278]. Сонымен қатар Түрік үкіметі олардың мал шаруашылығымен айналысуға бейім екенін ескере білді.

Қазақтардың бұл көшінің басталу себептерін ғалым Н. Мұқаметханұлы былай баяндайды: «Бірінші себебі сол кездегі Шынжаң үкіметінің жүргізген қате саясаты. Екінші себебі, Кеңес Одағының Қазақстанда қолдан жасаған аштық оқиғасы. Үшінші себебі, қауесеттің жетегінде кету. Шынжаңның шығысындағы Ганьсу провинциясының жағдайы жақсы екен (іс жүзінде бұл провинцияның географиялық ортасы өмір сүруге өте қолайсыз, Қытайдың ең нашар дамыған аймағы еді, қазірге дейін солай). Төртінші себебі көшпенді мал шаруашылығының қоныс аударуға икемділігі және феодалдық рулық басқарудың өктемдігі. Ол кезде рубасшылары шешім қабылдап, көшеміз деп орнынан қозғалса болды, оның қоластындағылары оған ілесе көше беретін» [7; 57].

Екінші бағытта Х. Алтай Түркия қазақтарының бөлек аудан болып орналасуына атсалысты. Оған дәлел, жоғарыда аталғандай өткен ғасырдың 60–ыншы жылдардың соңына қарай қазақтар Стамбул, Анкара қалаларына саудамен айналысуға көшті. Себебі орналасқан аудандарда шаруашылықпен айналысу қиын болды. Көшіп келген қазақтарды бір ауданға шоғырландыру мақсатында Стамбул қаласында 1970 жылдары Д. Жаңалтай, Х. Алтайдың бастамаларымен жеке меншік жер алу жұмыстарын жүргізеді. 1972 жылы Д. Жаңалтай «Бірлік» деп аталатын тері зауытын ашты, бас кеңсесін өзі басқарды. Ақсақалдармен ақылдаса отырып, жер сатып алу, үй салу, қазақтарды бір жерге шоғырлануы, балаларды Тайванға білім алуға жіберу мәселелеріне байланысты кеңес құрды [13; 74]. Бұл күн «Қазақкенттің» салынуына жасалған алғашқы қадам және тарихи күн болып саналады. Екі ұсынысты қабылдағаннан кейін олар өздеріне қолайлы жер іздеді. Д. Жаңалтайдың бос болмауына байланысты, ол көмекке Х. Алтайды шақырды. Кенттің құрылуын қолдаған қазақтар Д. Жаңалтай мен Х. Алтайға «бұл ұсыныс сізден шыққаннан кейін, біз сізге соңына дейін сенеміз» деп барлық өкілеттіліктерді берді. Жерді сатып алуға 250 жуық отбасының тізімі жасалынды. Х. Алтай мен Д. Жаңалтай қаржылық жағдайы нашар отбасылар үшін несие алып берді. Жердің иесі Юсуф Хожа Доганға ақшаны төлегеннен кейін, олар Хасан Барыш есімді мердігермен жер учаскелерінде үйлер салуға келіскен [13; 75].

Нәтижесінде 500 отбасы жер алып, «Қазақкенттің» бой көтеруіне себепкер болды (1-сурет). Қазіргі таңда ол аудан «Гүнешлі» атымен белгілі. Х. Алтай және Д. Жаңалтайдың бастамасымен бой

көтерген «Қазақкент» ауданының қазіргі атауы «Гюнешлі көй \ Күн сәулелі ауыл» деген мағына білдіреді. Туған жердің атауын ұрпақ санасында қалыптастыру мақсатында «Қазақкент» ауылында Алтай, Ертіс, Баркөл, Бәйтік деп алатын көшелер бар. Бұл туралы өз естелігінде Х. Алтай «Туған өлкенің естен мәңгі өшпеуінің бодауы үшін, кіндік кесіп, кір жуған Алтайдың әсем қойнауындағы және Шығыс Түркістан өлкесіндегі жер аттарымен атаған едік» деп еске алады [8; 120].

Төрт көшенің қиылысындағы ортада «Алтай» мешіті орналасқан. Мешітте жергілікті қариялар, орта, кіші буын өкілдері намаз уақытында кездесіп, бірге намаз оқиды. «Қазақкент» ауылы, «Зәйтүнбұрныдан» кейінгі қазақтар тығыз орналасқан аймақтың бірі. Алғашында бір қабатты үйлер бой көтерді. Кейін демографиялық өсімге, үйге деген қажеттіліктің туындауына байланысты, әр отбасы өзіне тиесілі жерде 4-5 қабатты үйлер салған. Мысалы астыңғы қабатта қариялар отырса, қалған отбасындағы жас отбасылар жоғары қабатта орналасты. Ауыл тұрғыны Омар Жігіт: «Қазір Стамбулда үй сатып алу қиын. Жас отбасылардың оған шамасы жетпейді. Кезінде біздің аталарымыз ұрпақтарының қамын жасап, біздің жағдайымызды жасап кетті. Қазіргі таңда осындай, жер алып, ауыл салуға біздің шамамыз келмей отыр», – дейді [14].



1-сурет. Х. Алтайдың Стамбул қаласында Дәлелхан Жаналтаймен бірге қазақтарға арналған «Қазақкент» шағын ауданының ашылу сәтіндегі суреті.
Дереккөз: Х. Алтайдың жеке қорынан алынды

1986 жылы осы қазақтардың басын қосқан түрік қазақтарының қоғамы құрылды. Оның басшылары Хамза Инан, Дәлелхан қажы, Тоқтаубай т.б. Қоғамның құрылуына белсене қатысқандар туралы Дәлелхан Жаңалтай өзінің естелігінде қоғамның құрылуына Түркиядағы қазақтармен бірге шет елде жұмыс жасап жүрген қазақтардың да болғанын айтады [15; 152]. Түркиядағы қазақ қоғамының басты мақсаты қазақтардың тілін, дінін, әдет-ғұрпын сақтау, қоғам арқылы қазақ ұлтын сырт елге таныстыру, Қазақстанмен және Қытайдағы Шыңжаң өлкесімен қарым-қатынас орнату, атажұрттан келген әртүрлі делегацияларды, өнер адамдарын, ғалымдарды қабылдау, көмек көрсету болды [16].

«Қазақ-түркілер қоры» бірлестігінің тағы да игілікті шараларының бірі Түркиядағы қазақ балаларын әртүрлі білім ошақтарында, мектептерде оқыту, ағайын арасындағы әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға көмек етіп, қарт-қарияларға қол ұшын беріп, қамқорлық таныту еді. Көптеген ұлттық жиын, мереке-мейрам, мұсылман қауымының қасиетті Құрбан, Ораза айттары, жас балалардың сүндет тойы сынды мерекелік шаралар осы қордың орталық үйінде өткізіледі. Бүгінде қазақ-түрік қорының бай кітапханасы бар. Түрлі тілдердегі газет-журналдар көптеп кездеседі. Қордың 400-ден аса мүшесі бар [8; 24]. Х. Алтай қордың белсенді мүшелерінің бірі болды.

Н. Үркімбайқызының «Имандылық сапары» мақаласында «Қандай бір қысылтаяң кезде де Халифа ағалар «Қазақ» деген атты биік ұстауға тырысқан. Үндістанның Бопалында «Қазақ-Абат» лагерінің, Пәкістанда «Шығыс Түркістандық босқын қазақтар қоғамының» құрылуы, Стамбулдың қасында «Қазақкент» махалласының (көше) өмір сүруі де соның дәлелі болса керек. «Қазақкентте Алтай, Баркөл, Ертіс көшелері бар» [17; 7] деген дерек келтіреді. Бұдан түйетініміз Х. Алтай сынды ел ағалары шетте жүрсе де, қазақтығын сақтап, оны ұрпақ бойына сіңіруге барын салды.

Түркиядағы қазақ диаспорасын Шығыс Түркістан, Иран, Ауғанстаннан келген қазақтар құрайды. Олардың Түркияға көшуінің себебін ғалым И. Жеменей былайша түсіндіреді: «Иран, Ауған, Түркия қазақтарының жақын қарым-қатынас жасаудағы себебі — 1979 жылы Иран Ислам төңкерісінен кейін 1980 жылы басталған Ирак пен Иран елдерінің сегіз жылға (1980–1988) созылған шайқасының салдарынан туындаған экономикалық-әлеуметтік дағдарыс еді» [18].

Х. Алтай Иран, Ауғанстандағы қазақтардың Түркияға қоныстануына да көмек көрсеткен тұлғалардың бірі. Оған дәлел ретінде, 1960 жылы Тайванға жасаған сапарынан кейін қайтар жолда Иранда болып, ондағы қазақтармен кездесті. Ирандағы қазақтармен кездесуінде Түркияға көшу жолдарын көрсеткен. Жан-жақта қалған қазақтардың Түркияға көшуіне ықпал жасайды. Х. Алтай 1969 жылы Ауғанстаннан келген қазақ жігіттерін Стамбул қаласының аймақ әкіміне жолықтырып, өтініш жазып, көшу туралы құжаттарын рәсімдеуге, рұқсат алуына көмектеседі [8; 147].

Х. Алтай: «Біз қазақ түріктерінен боламыз. 1933 жылдарында орыс коммунизмінен Ауғанстан жолымен Түркияға келмекші едік. Жолымыз болмай, мұнша заман Ауғанстанда тұрып, міне енді келіп өтініш беріп отырмыз. Қабыл етілуін құрметпен ұсынамыз деп бір арыз жазып, үшеуінің саусағын бастырып кіргізіп едім. Қабыл етіліп, құжаттарын өткізді. Сол кезде түрік азаматтығын алған үй саны 200-дей болды. Бүгінгі саны белгісіз», – дейді [19].

Ауғанстан қазақтары 1980 жылдардан бастап босқын ретінде Пәкістан, Иран, Сауд Арабиясы және Түркия мемлекеттерін паналады. Олардың басым көпшілігі жоғары білімді маман болмағандықтан, тұрақтанған елдерде алыпсатарлық сауда, тігіншілік және аяқ киім жөндеу жұмыстарымен айналысып жүрді [18; 16]. Х. Алтай қолжазбалар қорында Иран, Ауған қазақтарының қоныстануына байланысты тізімдер бар. Тізімде 186 кісі тіркелген. Бұл жерде біз Х. Алтайдың Түркияға қоныс аударуда 1940-50 жылдары Шығыс Түркістаннан шыққан қазақтарды ғана емес, сонымен қатар Иран, Ауған қазақтарының қоныстануына атсалысқанын анықтадық. Жүйелі саясаттың арқасында Түркияның Стамбул қаласы қазақтардың да бас қосу орталығына айналды. Ауған қазақтары түрік елінде тұрып, сауданың талай қырын үйренді [18; 244].

Қазақтардың Түркияға қоныс аударуын ұйымдастырып, басшылық жасай жүріп Х. Алтай ғылыми еңбек те жазғанын көруімізге болады. Ресми сапарларға жиі шығып, әр елде тұратын қандастарына материалдық және моральдық көмек көрсетті. Әлемде коммунистік режим мықты болған заманда ол діни шығармалар жазып, оларды Кеңес Одағында, Моңғолияда және Шығыс Түркістанда тұратын қандастарына жеткізуге тырысты.

Келесі үшінші бағыты Х. Алтайдың Түркия қазақтарының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын сақтаудағы қосқан үлесі туралы тоқталып өтсек. Түркияға келгендеріне 70 жылдан астам уақыт өтсе де, қазақ диаспорасының өкілдері өзінің ұлттық болмысын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын мүмкіндігінше сақтап келеді. Дегенмен де, уақыт өте келе жергілікті халықтың тілін, мәдениетін, менталитетін қабылдауға қандай диаспора болса да мәжбүр болатыны тарихи заңдылық. Түріктермен дініміздің, тіліміздің ұқсас болуы да олардың басқа халықтармен салыстырғанда кейбір салттарының еніп кетуіне оң ықпал еткен. Қазіргі таңда қариялар мен орта жастағы азаматтар болмаса, қазақ жастары өзінің ана тілін ұмытқан десек болады. Бірақ, бала тәрбиесінде ұлттық рухты басты назарда ұстанып, дүниеге жас нәрестенің келуіне байланысты жоралғылардың барлығын дерлік сақтап келеді.

Зерттеуімізде атап өткеніміздей Х. Алтайдың 1981 жылы «Anayurttan Anadoluya» атты кітабы Түркиядағы қазақтарының ұлттық болмысын, салт-дәстүрін сақтауға көмегі болады деген мақсатпен жазылған болатын [20; 3]. Х. Алтайдың бұл еңбегі Түркия қазақтарының әр отбасында кездестіруге болады. Еңбекте қазақ ұлтының әдет-ғұрып, салт-жоралғылары туралы құнды ақпарат ұсынылған.

1980 жылдары И. Сванберг Түркиядағы қазақ диаспорасы этнографиясы туралы мол мәліметтер ұсынған [21; 354]. Салыстырмалы түрде қарастырсақ шамамен 50 жыл уақыт өтсе де, Түркиядағы қазақтарда кейбір салт-дәстүрлеріміз ұмытылса да, негізгілері сақталған.

Түркиядағы қазақ диаспорасына этнографиялық зерттеулер жүргізген ғалымдар Б.К. Калшабаева, А.Қ. Бейсеғұлова «Түркиядағы қазақтар сол өздері тұрып жатқан елдің жағдайына көбірек бейімделген диаспора» деп атап өтеді. Бірақ, зерттеу барысында көптеген қолөнер бұйымдарының табылғанын және де оны жасауды жас ұрпаққа үйретіп отырған шеберлердің бар екендігін айтады. «...Мұның бәрі әрине туған еліне, халқына деген сағыныш пен құрмет деуге болады. Сонымен бірге халқымыздың қолөнері жетістіктерімен таныстыра отырып, ата-баба мұрасына ерекше құрметпен қарауды, болашақ ұрпақтарға тәлім-тәрбие беру қызметін жүзеге асыру болып табылады» [22] деп атап көрсеткен.

Х. Алтайдың ғана емес, қазақ көшін Шығыс Түркістаннан басқарып шыққан тұлғаларымыз Елісхан, Зайып, Қалибек Хакім, Нұрғожай, Дәлелхан, Сұлтаншәріп, Құсайын Тәйжілердің ұрпағының ата-баба дәстүрін өз деңгейінде сақтап, жалғастыруы олардың ең басты мұраты еді. Түркия қазақтарының басқа елдегі диаспораға қарағанда ауызбіршілігі жоғары, үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету, бір-біріне жақсылық пен қиыншылықта демеу көрсетіп, өздерінің бауырмалдық қасиеттерін көрсете білетіндігіне көз жеткізуге болады. Әрине, ұмыт қалған дәстүрлер де бар.

Х. Алтай Түркияда қазақ халқының өмір салты мен мәдениетін түрік халқына кеңінен таныстыруға тырысты. Түркияда жүргенде осында тұратын қандастарына арнап қазақ шежіресін жазды. Ол шашыраңқы қазақтардың бірігуіне жетекшілік етіп, Қазақкент маңайының құрылуында рөл атқарды, қазақ жастарын оқуға шақырып, заманауи білім алуларына жағдай жасауға тырысқан ұлт қайраткерлерінің бірі. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Орталық Азия мемлекеттеріндегі діни қажеттіліктерді ескере отырып, сол бағытта жұмыс жүргізді.

Қорытынды

Х. Алтайдың Түркиядағы қазақ диаспорасының қалыптасуына қосқан үлесі өте зор, яғни Алтайдан ауа көшкен қазақтардың түркі еліне жетуі мен онда орнығуына, бейімделуіне, шаруашылығын дамытуына, әлеуметтік мәселелерін шешуіне, білім алуларына, ата-жұрт, туған елін, салт-дәстүрін, тарихы мен тілін ұмытпауын, Қазақстанмен байланысты арттыруға дейін назардан тыс қалдырмады. Алдыңғы буын өкілдерінен қоныс аударған қазақтар үшін жауапкершілікті өзіне қабылдап, оны жоғары деңгейге жеткізе білді. Иран, Ауғанстан қазақтарының басындағы мәселелерді де сырт айналып өтпеді, оны өз дәрежесінде шешуге ұмтылды, әрі қазақтардың басын туыстас түркі елінде біріктіруге барлық күш-жігерін жұмсады. Х. Алтайдың Қазақстан тәуелсіздігін алысымен елге оралуға тырысуы, екі ел арасында байланысты күшейтуге атсалысуы және осы мәселені дер кезінде қолға алып, шешімін табу еді. Түркия қазақтарының ұлттық бірегейлігін сақтау үдерісінде Халифа Алтайдың рөлі ерекше. Ол өзінің діни-ағартушылық қызметі, ғылыми еңбектері және ұлттық сана-сезімді нығайтуға бағытталған бастамалары арқылы қазақ диаспорасының мәдени тұтастығы мен рухани құндылықтарын сақтауға үлкен үлес қосты. Халифа Алтайдың еңбектері тек Түркия қазақтары үшін ғана емес, жалпы әлемдегі қазақ қауымы үшін маңызды рухани және мәдени мұра.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, XX ғасырдың ортасында Қытайдан Түркияға қоныс аударған қазақтар жаңа ортаға бейімделу барысында ұлттық бірегейлікті сақтап қалу мәселесіне тап болды. Бұл үдерісте Халифа Алтайдың еңбектері ұлттық сананы қалыптастыруға, ана тілі мен дәстүрді сақтауға, діни құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге айрықша ықпал етті. Оның Құран аудармасы мен діни-танымдық кітаптары қазақ қоғамында дін мен мәдениеттің сабақтастығын нығайтуға қызмет етті. Мақалада қолданылған тарихи-салыстырмалы, тарихи-құжаттық және этнографиялық әдістердің көмегімен Халифа Алтайдың мұрасы мен Түркия қазақтарының ұлттық бірегейлігін сақтау үдерісіндегі рөлі жан-жақты талданды. Оның қызметі тек діни ағартушылықпен шектелмей, қазақ халқының мәдени және рухани құндылықтарын сақтау мен таратуға бағытталған кең ауқымды жұмысты қамтыды.

Қорыта айтқанда, Халифа Алтайдың өмірі мен еңбектері — ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы айқын үлгі. Оның артында қалдырған мұрасы бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін маңызды бағдаршам болмақ. Осы зерттеу нәтижелері қазақ диаспорасын зерттеудегі жаңа ғылыми тұжырымдарға негіз бола отырып, Халифа Алтайдың ұлттық руханиятқа қосқан үлесін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Мақала 01.01.2023-31.12.2025 жылдарға арналған 0123РКИ0120 «Қазақ Елінің тұлғалары: тарих пен тағдыр» атты жоба тақырыбы аясында дайындалды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қара Ә. 50 жылында Түркия қазақтары және Қазақстан [Электрондық ресурс] / Ә. Қара. — Қолжетімділігі: <http://www.abdulvahapkar.com/turkiya-qazaqstan50/>. 18.04.2020.
- 2 Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры: происхождение и развитие / Г.М. Мендикулова. — Алматы: Ғылым, 1997. — 261 с.
- 3 Лаумулин М.Т. Әлемдік ориенталистикадағы Қазақстан: шетелдік шығыстанудағы қазақтардың тарихын, мәдениетін және этнографиясын зерттеу / М.Т. Лаумулин. — Нұр-Сұлтан: ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2019. — 472 б.

- 4 Тасболатова К. Түркия қазақтары: қазақтығын сақтап қала ма? / К. Тасболатова // Түркістан. — 2007. — 27 мамыр. —3-б.
- 5 Ошақбаева Ж.Б. Түркия мен Еуропа қазақтарының құндылықтар әлеміндегі өзгерістер / Ж.Б. Ошақбаева // Қазақ диаспорасының жасампаз әлеуеті: тарихы және заманауи келбеті: Респ. ғыл.-практ. конф. матер. — Алматы: ДҚК «Атажұрт» баспа орталығы, 2013. — Б. 347–353.
- 6 Нысанбаев Ә.Н. Ұлттық идея — шетел қазақтарының құндылықтық әлемінің негізі / Ә.Н. Нысанбаев // Қазақстан және шетелдегі қазақтар: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының құрылғанына 20 жыл толуына орай өткізілген: Халық. ғыл.-практ. конф. — Алматы, 2012. — Б. 269–275.
- 7 Мұқаметханұлы Н. Қытай қазақтарының Түркия мен Еуропа елдеріне таралуы және жаңа кәсіпкерлікті игеруі / Н. Мұқаметханұлы. // Орталық Азияның казак диаспорасы: тарих — мәдениет — ескерткіштер: Халық. ғыл. конф. матер. — Алматы: Елтаным баспасы, 2014. — Б. 56–63.
- 8 Алтай Х. Алтайдан ауған ел / Х. Алтай. — Алматы, 2014. — 272 б.
- 9 Kurban İ. Şarki Türkistan Gümhuriyeti 1944-1949 / İ. Kurban. — Ankara, 1992. — 105 s.
- 10 Мәсімханұлы Д. Еуразиялық өркениет: ежелгі түркі және қытай елінің рухани қарым-қатынасы / Д. Мәсімханұлы. — Астана, «Фолиант» баспасы, 2012. — 480 б.
- 11 Лайас Г. Аспантау асқан үркін көш / Г. Лайас; ағыл. тіл. ауд. Б. Бұхарбай. — Алматы: AmalBooks, 2018. — 288 б.
- 12 Алтай Х. Ата жұрттан Анадольға дейін / Х. Алтай; түрік тіл. ауд. — Алматы: Өлке, 1995. — 112 б.
- 13 Kazibek I. Anadolu'dan anayurda maneviyat öndaeri Halife Altay / I. Kazibek. — Istanbul, 2017. — 192 s.
- 14 Алиякбарова А.П. Омар Жігіт Құмарұлы: сұхбат / А.П. Алиякбарова. — Стамбул, 2018. — 10 қазан.
- 15 Жаналтай Д. Қилы заман, қилы күндер / Д. Жаналтай. — Алматы, 2000. — 160 б.
- 16 Иембекова М.О. XX ғ. 90 жылдардағы Қазақстан-Түрік қатынастары / М.О. Иембекова. 07.00.15: тар. ғыл. канд. ... дисс. — Алматы, 1998. — 133 б.
- 17 Үркімбақызы Н. Имандылық сапары: Дүниежүзі қазақтарының Алматыда өтетін тұңғыш конгресі қарсаңында / Н. Үркімбақызы // Парасат. — 1992. — № 7 (409). — Б. 1-7.
- 18 Жеменей И. Иран және иран қазақтары: деректі зерттеу / И. Жеменей. — Алматы: ДҚК «Атажұрт» баспа орталығы, 2012. — 264 б.
- 19 Алтай А. Ауғанстандағы қазақтардың Түркияға көшіп келуі [Электрондық ресурс] / А. Алтай. — Қолжетімділігі: https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=199231121611682&id.20.12.2020.
- 20 Altay N. Anayurttan Anadolu'ya / N. Altay. — Ankara, 1981. — 475 s.
- 21 Бенсон Л. История Казахстана в западных источниках XII-XX вв. / Л. Бенсон, И. Сванберга; пер. с англ. — Алматы, 2005. — 456 с.
- 22 Калшабаева Б.К. Түркиядағы қазақтардың колөнер мұраларының сақталу мәселелері / Б.К. Калшабаева, А.Қ. Бейсеғұлова // Қазақстан туралы казак диаспорасының тарихи білімі: Айм. «дөңгелек үстел» мәжілісінің мат.-ры. — Алматы, 2013. — Б. 74–83.

А.П. Алиякбарова, А.К. Оспанова, Ж.С. Смаханова

Сохранение национальной идентичности казахов в Турции: роль и наследие Халифы Алтая

В середине XX века миграция из Восточного Туркестана стала основой формирования казахской диаспоры в Турции. Эта община столкнулась с множеством трудностей на пути сохранения своей национальной идентичности. В данной научной статье всесторонне рассматривается роль Халифы Алтая в сохранении национальной идентичности казахской диаспоры в Турции. Его религиозно-просветительская деятельность стала одним из важнейших опорных столпов духовного возрождения и единства нации не только среди казахов Турции, но и в целом в казахском мире. Оставленное им наследие и труды были направлены на сохранение казахской культуры, языка и традиций. Данное исследование ставит своей целью детальный анализ роли Халифы Алтая в сохранении национального единства казахов в Турции. В статье рассматривается его политико-лидерская деятельность, анализируется значимость его трудов и их вклад в развитие и сохранение национального самосознания казахов в Турции, а также подчеркивается их важность для последующих поколений. В середине XX века казахи, переселившиеся из Китая в Турцию, столкнулись с необходимостью адаптации к новой среде, что поставило перед ними задачу сохранения национальной культуры и традиций. В этот период религиозно-просветительская деятельность Халифы Алтая, его труды на казахском языке и действия, направленные на укрепление национального самосознания, сыграли решающую роль в сохранении этнического единства казахов Турции. В статье научно анализируются его творческое наследие и политическая деятельность, а также их влияние на передачу казахской культуры и традиций следующим поколениям.

Ключевые слова: Халифа Алтай, казахская диаспора в Турции, национальная идентичность, религиозно-просветительская деятельность, казахская диаспора, миграция, Восточный Туркестан.

A.P. Aliakbarova, A.K. Ospanova, Zh.S. Smakhanova

Preservation of the National Identity of Kazakhs in Turkey: The Role and Legacy of Khalifa Altai

In the mid-20th century, migration from East Turkestan laid the foundation for the formation of the Kazakh diaspora in Turkey. This community faced numerous challenges in preserving its national identity. This article examines the role of Khalifa Altai in maintaining the national identity of the Kazakh diaspora in Turkey. His religious and educational activities became one of the most important pillars of spiritual revival and national unity, not only among Kazakhs in Turkey but also in the Kazakh world as a whole. His legacy and written works were aimed at preserving Kazakh culture, language, and traditions. This study aims to provide a detailed analysis of Khalifa Altai's role in preserving the national unity of Kazakhs in Turkey. The article examines his political and leadership activities, analyzes the significance of his works and their contribution to the development and preservation of the national consciousness of Kazakhs in Turkey, and highlights their importance for future generations. In the mid-20th century, Kazakhs who migrated from China to Turkey faced the challenge of adapting to a new environment while striving to preserve their national culture and traditions. During this period, Khalifa Altai's religious and educational activities, his works in the Kazakh language, and his efforts to strengthen national consciousness played a decisive role in maintaining the ethnic unity of Kazakhs in Turkey. The article scientifically examines his creative legacy and political activities, as well as their influence on the transmission of Kazakh culture and traditions to future generations.

Keywords: Khalifa Altai, Kazakh diaspora in Turkey, national identity, religious and educational activities, Kazakh diaspora, migration, East Turkestan.

References

- 1 Kara, A. (2020). *50 zhylynda Turkiia qazaqtary zhane Qazaqstan [Kazakhs of Turkey and Kazakhstan in the 50s]*. www.abdulvahapka.com. Retrieved from <http://www.abdulvahapka.com/turkiya-qazaqstan50/> [in Kazakh].
- 2 Mendikulova, G.M. (1997). *Istoricheskie sudby kazakhskoi diaspori: proiskhozhdenie i razvitiye [Historical destinies of the Kazakh diaspora: origin and development]*. Almaty: Gylim [in Russian].
- 3 Laumulin, M.T. (2019). *Alemdik orientalistikadagy Qazaqstan: sheteldik shygystanudagy qazaqtardyn tarikhyn, madenietin zhane etnografiiasyn zertteu [Kazakhstan in World Orientalism: Studying the History, Culture, and Ethnography of Kazakhs in Foreign Oriental Studies]*. Nur-Sultan: Qazaqstan Respublikasy Prezidenti zhanyndagy Qazaqstan strategiialyq zertteuler instituty [in Kazakh].
- 4 Tasbolatova, K. (2007). *Turkiia qazaqtary: qazaqtygyn saqtap qala ma? [Kazakhs in Turkey: Will they retain their Kazakh identity?]*. Turkistan [in Kazakh].
- 5 Oshakbayeva, Zh.B. (2013). Turkiia men Europa qazaqtarynyn qundylyqtar alemindegi ozgerister [Changes in the world of values of Kazakhs in Turkey and Europe]. "Qazaq diasporasynyn zhasampaz aleueti: tarikhy zhane kelbeti": Respublikalyq gylimi-praktikalyy konferentsiia materialdary — "The creative potential of the Kazakh diaspora: history and modern appearance": Proceedings of the Republic Scientific-Practical Conference (pp. 347–353). Almaty: DQQ "Atazhurt" baspa ortalygy [in Kazakh].
- 6 Nysanbaev, A.N. (2012). Ulattyq ideia — shetel qazaqtarynyn qundylyqyq aleminin negizi [National idea is the basis of the world of values of foreign Kazakhs]. "Qazaqstan zhane sheteldegi qazaqtar": Duniezhuzi qazaqtary qauymdastygynyn quralganyna 20 zhyl tolyyna orai otkizilgen khalyqaralyq gylimi-praktikalyy konferentsiia — "Kazakhstan and Kazakhs abroad. On the occasion of the 20th anniversary of the establishment of the World Association of Kazakhs: National Scientific-Practical Conference (pp. 269–275). Almaty [in Kazakh].
- 7 Muqametkhanuly, N. (2014). Qytai qazaqtarynyn Turkiia men Europa elderine taraluy zhane zhana kasipkerlikti igerui [The spread of Chinese Kazakhs to Turkey and European countries and the development of new entrepreneurship]. "Ortalyq Aziianyn qazaq diasporasy: tarikh — madeniet — eskertkishter: khalyqaralyq gylimi konferentsiianyn materiialdary — Kazakh diaspora of Central Asia: history — culture — monuments: Proceedings of National Scientific Conference (pp. 56–63). Almaty: Eltany [in Kazakh].
- 8 Altai, Kh. (2014). *Altai dan augan el [A country that has migrated from Altai]*. Almaty [in Kazakh].
- 9 Kurban, İ. (1992). *Şarki Türkistan Cumhuriyeti 1944-1949 [Eastern Turkestan Republic 1944–1949]*. Ankara [in Turkish].
- 10 Masimkhanuly, D. (2012). *Euraziialyq orkeniet: ezhelgi turki zhane qytai elinin rukhani qarym-qatynasy [Eurasian civilization — the spiritual relationship between ancient Turkic and Chinese peoples]*. Astana: «Foliant» baspasy [in Kazakh].
- 11 Laias, G. (2018). *Aspantau asqan urkin kosh [Kazakh Exodus]*. (B. Buharbay, Trans). Almaty: AmalBooks [in Kazakh].
- 12 Altai, Kh. (1995). *Ata zhurttan Anadolyga deiin [From the homeland to Anatolia]*. Almaty: Olke [in Kazakh].

- 13 Kazibek I. (2017). *Anadolu'dan Anayurda maneviyat önderi Halife Altay* [Spiritual leader from Anatolia to the Homeland: Halife Altay]. Istanbul [in Turkish].
- 14 Aliakbarova, A.P. (2018). *Omar Zhigit Kumaruly: suhbat* [Omar Zhigit Kumaruly: interview]. Istanbul [in Kazakh].
- 15 Zhanaltai, D. (2000). *Qily zaman, qily kunder* [Difficult times, difficult days]. Almaty [in Kazakh].
- 16 Iembekova, M.O. (1998). XX gasyrdyn 90 zhyldardagy Qazaqstan-Turik qatynastary [Kazakh-Turkish relations in the 90s of the 20th century]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 17 Urkimbaiqyzy, N. (1992). Imandylyq sapary: duniezhuzi qazaqtarynyn Almatyda otetin tungysh kongresi qarsanynda [A journey of faith: on the eve of the first congress of Kazakhs of the world to be held in Almaty]. *Parasat*, 7 (409), 1–7 [in Kazakh].
- 18 Zhemenei, I. (2012). *Iran zhane iran qazaqtary: derekti zertteu* [Iran and Iranian Kazakhs: a documentary study]. Almaty: DQQ «Atazhurt» baspa ortalygy [in Kazakh].
- 19 Altai, A. (2020). *Auganstandagy qazaqtardyn Turkiiga koship kelui* [Migration of Kazakhs from Afghanistan to Turkey]. *m.facebook.com*. Retrieved from https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=199231121611682&id [in Kazakh].
- 20 Altay, H. (1981). *Anayurttan Anadolu'ya* [From Anayurt to Anatolia]. Ankara [in Turkish].
- 21 Benson, L., & Svanberg, I. (2005). *Istoriia Kazakhstana v zapadnykh istochnikakh XII–XX vv.* [History of Kazakhstan in Western sources of the 12–20th centuries]. (B.M. Suzhikova, Trans). Almaty [in Russian].
- 22 Kalshabaeva, B.K., & Beisegulova, A.K. (2013). Turkiidagdy qazaqtardyn qoloner muralarynyn saqtalu maseleleri [Issues of preserving the craft heritage of Kazakhs in Turkey]. “*Qazaqstan turaly qazaq diasporasynyn tarikhi bilimi*”: aimaqtyq “*dongelek ustel*” mazhilisinin materialdary — “*Historical knowledge of the Kazakh diaspora about Kazakhstan*”: *Proceedings of the Regional “Round Table” Meeting* (pp. 74–83). Almaty [in Kazakh].

Авторлар туралы мәліметтер

Алиакбарова Айнұр — PhD, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-2236-170X>

Оспанова Ақмарал — PhD, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің аға оқытушысы, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0003-2436-7109>

Смаханова Жанар — тарих магистрі, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің аға оқытушысы, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-6187-9202>

Information about the authors

Aliakbarova Ainur — PhD, Head of the Department of History of Kazakhstan, S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-2236-170X>

Ospanova Akmaral — PhD, Senior Lecturer, S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-2436-7109>

Smakhanova Zhanar — Master in History, Senior Lecturer, S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-6187-9202>